

«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 К.А.Ергалиева «___» тамыз 2025ж

«Бекітемін»

М.С.Гимназия директоры:

 И.И.Бексултанова



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына арналған
3 «В» сыныбының жылдық тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Жолымбетова Айсауле Сабетовна

Ақтөбе 2025ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. 2025 жылы мемлекет басшысының 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аталған идеялар мен құндылықтар **«Адал азамат» біртұтас тәрбие** бағдарламасының негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- *отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- *адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- *табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- *елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- *отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- *өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- *әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- *еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

- күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

- апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ»

1	Білім күні «Мектеп – мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) <i>(«Біртұтас ел, біртұтас жер – отан қорғаушыларды тәрбиелеу идеологиясы» ерлік сабағы (10 минут))</i>	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, әскери жетекшілер, жергілікті қорғаныс бөлімшелерінің өкілдері	02.09.2025ж.
---	--	----------------------------------	---	---------------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»

2	«Ана – отбасының шамшырағы» «Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі» ЖЖЕ №1 Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері. Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ИД және т. б.) бірлесіп	08.09.2025ж.
---	---	--------------	--	---------------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)

3	«Еңбек түбі – береке» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (Ішкі саясат өкілдері, арнаулы және жоғары оқу орындарының өкілдері т.б) бірлесіп	15.09.2025ж.
---	---	--------------	---	---------------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!»

4	«Еңбекқорлық-табыстың кілті» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «НЕ ЖӨНІНДЕ ҮНДЕМЕЙ ҚАЛУҒА ЖӘНЕ АТА- АНАЛАРДАН ЖАСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ?»	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	22.09.2025ж.
---	---	------------------------------------	-------------------	---------------------

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны»

5	«Қарияларға қуаныш сыйлайық» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «ҚАЛАЙ ӨЗ-ӨЗІНДІ ҚАУІПСІЗ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен <i>(Қорғаныс бөлімшелері, әскери мамандар)</i> бірлескен	29.09.2025ж.
---	--	--------------	--	---------------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»

6	«Ұстаз ұлы тұлға» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚҰЛЫҒЫ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	06.10.2025ж.
---	--	--------------	-------------------	---------------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» (Ы.Алтынсарин)

7	«Туған жер – алтын бесік» ЖЖЕ №2 Қай жерлерден жолдан өтуге болады. Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «ВИРТУАЛДЫ ДОСТАРДАН БОЛАТЫН ҚАУІПТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	13.10.2025ж.
---	--	--------------	--	---------------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отанды сүю – отбасынан басталады»

8	«Қазақстан Республикасы: кеше, бүгін, ертең» «Отбасым – алтын діңгегім» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «КҮДІКТІ ЗАТТАР АНЫҚТАЛҒАНДА ЖАСАЛАТЫН 5 БЕС ҚАДАМ»	Сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	20.10.2025ж.
---	---	--------------	---	---------------------

ҚАРАША– ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ
15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні
16 қараша–Халықаралық толеранттылық күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ болу – адамгершіліктің ең биік шыңы»

9	«Адал азамат – Адал енбек – Адал табыс» «Адалдық – асыл қасиет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «АТА-АНАЛАРДЫҢ БАҚЫЛАУЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	03.11.2025ж.
---	--	--------------	-------------------	--------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік адамды адам етеді»

10	«Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның жетістігі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ ҚАУІПТІ ОЙЫНДАР»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	10.11.2025ж.
----	--	--------------	-------------------	--------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)

11	«Әділеттілік – адалдықтың жолы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	17.11.2025ж.
----	---	--------------	---	--------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік – табыстың кілті»

12	«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» «Жауапкершілік – жақсы қасиет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «КҮДІКТІ ЗАТТАР АНЫҚТАЛҒАНДА ЖАСАЛАТЫН 5 БЕС ҚАДАМ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	24.11.2025ж.
----	---	--------------	---	--------------

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Татулық пен бірлік – елдің іргетасы»

13	«Тәуелсіздік негізі – бірлік және ынтымақ» «Тәуелсіз елдің балалары тату» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚҰЛЫҒЫ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	01.12.2025ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»

14	«Бірлік және ынтымақ» «Бірлік бар жерде – тірлік бар» ЖЖЕ №3 Жол жүру белгілері және таңбалары. <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	08.12.2025ж.
----	--	--------------	-------------------	---------------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік болмай тірлік болмас»

15	«Бірлік және ынтымақ» «Ынтымағы жарасқан отбасы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «ҚАЛАЙ ӨЗ-ӨЗІҢДІ ҚАУІПСІЗ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	15.12.2025ж.
----	---	--------------	--	---------------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»

16	«Бірлік және ынтымақ» «Достық пен ынтымақ – асыл қасиет» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚҰЛЫҒЫ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	22.12.2025ж.
----	--	--------------	-------------------	---------------------

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Талап бар жерде тәртіп бар»

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»

17	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» «Жемқорлықсыз жарқын болашақ» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»	Сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	12.01.2026ж.
----	--	--------------	---	--------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң– болашақ кепілі»

18	«Заң және тәртіп» «Құқық пен міндет – егіз ұғым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	19.01.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	--------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»

19	«Заң және тәртіп» «Тәртіп – тыныштық кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ВИРТУАЛДЫ ДОСТАРДАН БОЛАТЫН ҚАУІПТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	26.01.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	--------------

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Келешек – білімді жастың қолында» (Ахмет Байтұрсынұлы)

20	«Жасампаздық пен жаңашылдық» «Шығармашыл бала – жарқын болашақ» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «НЕ ЖӨНІНДЕ ҮНДЕМЕЙ ҚАЛУҒА ЖӘНЕ АТА- АНАЛАРДАН ЖАСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	02.02.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңалық – жасампаз ойдан басталады»

21	«Жасампаздық пен жаңашылдық» «Жаңашылдыққа ұмтылу – жетістік кілті» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚУЛЫҒЫ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	09.02.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңашылдыққа ұмтылған ел ғана дамиды» (Шоқан Уалиханов)

22	«Жасампаздық пен жаңашылдық» «Өнерлі өрге жүзеді» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ ҚАУІПТІ ОЙЫНДАР»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	16.02.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары»

23	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» «Әр бала – өз құқығын білуі керек» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i> «ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	23.02.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»

24	«Алғыс – ізгі ниет» ЖЖЕ №4 Жарақаттанғанда көрсетілетіналғашқы медициналық көмек. Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ВИРТУАЛДЫ ДОСТАРДАН БОЛАТЫН ҚАУІПТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	02.03.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отан үшін отқа түс – күймейсің»

25	«Тәуелсіздік және отаншылдық» «Мен елімнің ертеңімін» Қауіпсіздік сабағы (10минут) «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ ҚАУІПТІ ОЙЫНДАР»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	09.03.2026ж.
----	--	--------------	-------------------	---------------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»

26	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚУЛЫҒЫ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	16.03.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»

27	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	30.03.2026ж.
----	--	--------------	-------------------	---------------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»

28	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» «Еңбекқор бала – елінің мақтанышы» ЖЖЕ №5 Сен – велосипедші. Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ҚАЛАЙ ӨЗ-ӨЗІҢДІ ҚАУІПСІЗ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	06.04.2026ж.
----	--	--------------	-------------------	---------------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»

29	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» «Адал еңбек – жарқын болашақ кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ ҚАУІПТІ ОЙЫНДАР»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	13.04.2026ж.
----	---	--------------	-------------------	---------------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»

30	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» «Еңбек – өмірдің мәні» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ВИРТУАЛДЫ ДОСТАРДАН БОЛАТЫН ҚАУІПТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	20.04.2026ж.
----	--	--------------	-------------------	---------------------

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ
1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»

31	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ҚАЛАЙ ӨЗ-ӨЗІНДІ ҚАУІПСІЗ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	27.04.2026ж
----	--	--------------	-------------------	-------------

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш — орман»

32	«Бірлік және ынтымақ» «Татулық – достықтың дінгегі» ЖЖЕ №6 Қорытынды сабақ. Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	04.05.2026ж.
----	--	--------------	-------------------	--------------

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман»

33	«Бірлік және ынтымақ» «Отбасы – шағын Отан» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚУЛЫҒЫ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мектеп психологы	11.05.2026ж.
----	---	--------------	-------------------------------------	--------------

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»

34	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «КҮДІКТІ ЗАТТАР АНЫҚТАЛҒАНДА ЖАСАЛАТЫН 5 БЕС ҚАДАМ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	18.05.2026ж.
----	--	--------------	-------------------	--------------